

Тоқмансай ауылдық округі "Қасен" шаруа қожалығында мүйізді ірі қара малдарының арасында пастереллез жұқпалы ауруының анықталуына байланысты карантин белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға ауданы Тоқмансай ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 9 шешімі. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Тоқмансай ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 6 маусымдағы № 16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Тоқмансай ауылдық округі әкімінің 06.06.2024 № 16 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабы 3-тармағы, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Алға аудандық аумақтық инспекциясы" ММ басшысының 2024 жылғы 28 ақпандағы № 02-06-14 /48 ұсынысының негізінде Тоқмансай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алға ауданы Тоқмансай ауылдық округі Қайнар ауылындағы "Қасен" шаруа қожалығының мүйізді ірі қара малдарының арасында пастереллез жұқпалы ауруының анықталуына байланысты карантин белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тоқмансай ауылдық округінің әкімі

Ш. Ж. Кушкимбаев